

## **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 521 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 7 қыркүйекте № 12028 болып тіркелді.

"Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 3) тармақшасына және 23-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең төмен әлеуметтік стандарты бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 10 тамыздағы  
№ 521 бұйрығымен бекітілді

## **"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту"**

### **ең төмен әлеуметтік стандарты**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең төмен әлеуметтік стандартын (бұдан әрі - стандарт) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі әзірледі.

2. Стандарт келесі заңдар тізімінің негізінде қолданылады:

1) "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" 2015 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы;

2) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

3) "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

3. Стандарттың мақсаты - ең төмен әлеуметтік стандарттар жүйесінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең төмен әлеуметтік стандартының нормалары мен нормативтері осы стандартқа қосымшада көрсетілген.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 10 тамыздағы  
№ 521 бұйрығымен бекітілген  
Мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқытудың ең төмен әлеуметтік  
стандартына қосымша

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 28.07.2016 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2019 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

№	Норманың/нормативтің атауы	Норманы/нормативтерді реттейтін нормативтік-құқықтық акт	Нормалар/нормативтер бойынша ең төмен әлеуметтік стандарттың құқығына ие тұлғалардың санаттары	Норманың/нормативтің мөлшері
1	Мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеуді және оқытуды жан басына шаққанда қаржыландырудың нормативі	"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы	Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалар	Республикалық маңызды қаланың астананың, ауданның (облыстық маң қаланың) жергілікті атқарушы орган жан басына шаққанда қаржыландыру және тамақтану үшін ата-аналар төл мөлшерін бекітеді.
		"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін	Мектепке дейінгі	Республикалық маңызды қаланың астананың жергілікті атқарушы оқ мектепке дейінгі тәрбие және оқ ұйымдарының материалдық-техника қамтамасыз етілуін жүзеге асы Ойыншықтардың тақырыптық тізбес топтарына, медициналық бөлмеге, спс залға және басқаларға арналған жабд т і з б е с і ; Білім беру объектілерінің бөлмеле орналасқан жиһазды таңбалауға өлшеміне (түсі, биіктігі, типтері жәнн жиһаздың еденнен, қабырғадан, бір-б ара қашықтығы, баланың жасына бойына байланыстылығы) қойыл

2	<p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһазбен жаратқандыру нормалары</p>	<p>мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген); " Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15893 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 615 бұйрық);</p>	<p>ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалар</p>	<p>т а л а п т а р ; Жиһаз бен жабдықтар саны өл бірліктерінде (саны, дана, жиынтық, з к ө р с е т і л г е н ; Объектілердің жиһазы мен жабд балалардың бойына, жас ерекшелік сәйкес келеді. Жабдықтың жиыны, және көлемі объектінің бейі үй-жайлардың ерекшелігін есепке отырып к ө з д е Жатын бөлмелерді жұмсақ және і мүкәммалмен жабдықтау, балалар ы болатын мектепке дейінгі ұйымда киім-кешектерді жуу және оны таң тәулік бойы болатын мектепке де ұйымдардағы балалардың тұ жағдайларына қойылатын талаптарға келеді.</p>
3	<p>Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау нормалары</p>	<p>"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) "Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары";</p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар</p>	<p>Облыстың жергілікті атқарушы оқ балаларды арнайы жалпы білім берет бағдарламалары бойынша оқыт қ а м т а м а с ы з Психологиялық-медициналық-педагог консультациялардың қорытындысына оқытудың жеке жоспарына сәйкес к балалар мектепке дейінгі тәрбие оқытуды үш жастан бастап алуына б Санаториялық бөбекжай-балабақшал мектепке дейінгі ұйымдарда мүмк шектеулі балаларды тегін күтіп і ұ с ы н ы л а д ы . Топтардың толымды 1) есту қабілеті бұзы естімейтіндер үшін - 8 баладан көп нашар еститіндер мен кейіннен са болып қалғандар үшін - 10 баладан кө 2) көру қабілеті бұзылған: көзі көрмей үшін - 8 баладан көп емес, нашар көре мен кейіннен соқыр болып қалғандар 12 баладан көп 3) тірек-қозғалыс аппаратының функц бұзылғандар үшін - 12 баладан кө 4) сөйлеу қабілеті бұзылғандар үшін баладан көп 5) ақыл-ойы кенжелеп қалғандар үш баладан көп 6) психикалық дамуы тежелгендер үш баладан көп 7) эмоциялық-еркі жағынан ж мінез-кұлқы бұзылғандар үшін - 6 ба к ө п е 8) күрделі бұзылыстары бар, оның і соқыр-саңырау болып қалғандар үш баладан көп емес.</p>

4	Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар нормалары	№ 615 бұйрық	Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалар	Объектілердің жиіазы мен жабд балалардың бойына, жас ерекшелік сәйкес келеді. Жабдықтың жиыны, және көлемі объектінің бейі үй-жайлардың ерекшелігін есепке отырып көзде Жатын бөлмелерді жұмсақ және і мүкәммалмен жабдықтау, балалар ы болатын мектепке дейінгі ұйымда киім-кешектерді жуу және оны таң тәулік бойы болатын мектепке де ұйымдардағы балалардың тұ жағдайларына қойылатын талаптарға келеді.
---	--	--------------	--	--